

Садықов К.И., Біраяқ Ж.Б.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Садыкова А. Е.
ҚРІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды қ.

ЖАСТАРДЫ ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА БАУЛУДАҒЫ ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ КЛУБТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Біз өмір сүріп жатқан жаһандану заманда жасөспірімдер тәрбиесіне аса зор көңіл бөлініп, ыждаһаттылық пен қараудың алатын орыны ерекше болмақ! Дана халқымыз қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу деген болатын.

Қазіргі таңдағы шиеленіскен халықаралық геосаяси жағдайларда болашақ отан қорғаушы жастардың денсаулығының мықты болуымен қатар қашанда мемлекет тұтастығын қорғауға саналы түрде дайын болуы өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Үкімет басшысы президент Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауларында және «Жаңа Қазақстан» құрудағы басты мәселердің бірегейі отанымыздың болашағы жастардың салауатты өмір жолын ұстануымен қатар, елжандылық тәрбиесі екендігіне үнемі тоқталып, атап көрсетуде. Бүгінде білім – қоғамның әлеуметтік – экономикалық, интеллектуальдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі деп білеміз. Діні де, тілі де бір бауырлас Ресей мен Украина мемлекеттері арасындағы кескілескен қан төгіс соғыс, ара кідік тұтанып тұратын Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы әскери қақтығыстар, еліміздегі 2022 жылғы қаңтар айында діни экстремизмнің бас көтеріп, мемлекет бірлігіне қауіп төндіруі, жастарды патриотизмге тәрбиелеуді бірінші кезекке қойып жан – жақты қамтудың алатын орны ерекше екендігін көрсетті. Осыған орай, бүгінгі күні барлық білім беру жүйесінің басты мақсатымен алдына қоятын міндеті – жаңа қалыптасып келе жатқан жас жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуын, оның кәсіби патриот маман болып жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау. Сонымен қатар ең басты мәселе ана тілін, ұлттық салт - дәстүрлерді санасына сіңіріп бойында сақтаумен салауатты өмір салтын ұстанып әрқашанда елімен жерін қорғауға дайын болуы үшін денсаулығын нығайту. Жоғарыда айтылған қасиеттермен дағдыны бойына терең ұялатқан жағдайда ғана, Отан қорғауға дайын болу секілді құндылықтарын іске асыру және қазіргі заманауи қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде саяси жағдайларды еркін бағдарлай білетін, өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға болады деп нық сеніммен айта аламыз.

Елжандылықтың өзекті мәселелерімен қатар, денсаулықты нығайту мен салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың белсенділігін арттыру қажеттілігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім, мәдениет, денсаулық сақтау министрлігінің «Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы бұқаралық жұмыстарды ары қарайғы белсенділігін арттыру мен кеңейте түсу» атты бұйрығына сәйкес дене шынықтыру тәсілдерін пайдалану бойынша жұмыстарды, соның ішінде салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған спорт түрлерін күшейтуге нұсқау берілген. Осы мәселе жайында егжей – тегжейлі түрде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында айтылған болатын[1].

Жаңа, Мәңгілік Қазақстан жастарын елжандылыққа тәрбиелеуде жалпы білім беретін орта мектептерде оқу үдерісін ұйымдастыру мен жоғарғы оқу орындарында жүргізілетін патриоттық бағыттағы іс-шаралардың маңыздылығы ерекше. Сондықтан жасөспірімдер мен жастарға білім беретін жалпы білім оқу орындарымен, мекемелерінде бекітілген оқу жоспарымен сабақ кестесінен тыс жүргізілетін отансүйгіштік бағыттағы патриоттық іс – шаралармен жұмыстардың бүгінгі күн талабына қажеттілігі өте жоғары. Себебі жастарды елжандылыққа тәрбиелеуде дұрыста, нақты бағдар беретін арнайы ұйымдастырылған әскери

– спорттық клубтардың жүргізетін елжандылық іс-шараларымен, қолданбалы әскери спорт түрлерінен өткізетін сайыстары және білікті мамандармен тұлғатанушылардың қатынасуымен ерлік пен патриотизм жайында өткізілетін дөңгелек үстел - сұхбаттары немесе пікір алмастырулардың алатын орны ерекше болмақ.

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» деп көрсетілген [2].

«Ел болам десең бесігіңді түзе»-деп қазақ халқының бір туар ұлы, Мұхтар Ауезов атамыз айтпақшы, болашақ ел тұтқасы отан қорғаушы жасөспірімдер санасында таза шынайы елжандылық қалыптастыру - жеке тұлғаның нық қоғамдақ - саяси тұрғыда өзін-өзі нақты айқындауы деген сөз бен ұғымды білдіреді. Біздің пікірімізше патриотизм-мемлекеттің Мәңгі Ел болып қалыптасуына басты әсер етеін негізгі рухани тірегі бола отырып, қоғамның дамуына, жастардың отан сүйгіштік және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына туған жері мен отаны үшін жан қиярлықтай ерлік іске баратын, ұлт пен мемлекет дамуын негіздейтін әлеуметтік құбылыс. Сондықтан ол мектеп қабырғасынан бастап арнайы ұйымдастырылаған жас сарбаз сыныптармен әскери-спорттық клубтардың патриоттық іс-шаралары арқылы қамтылуы тиіс деген пікірдеміз.

Біздің пікірімізше жоғарғы оқу орындарында жұмыс жасайтын Әскери-спорттық клубтардың жүргізетін отансүйгіштік іс – шараларының мақсаты, жан-ұямен мектеп қабырғасынан жасөспірім санасына сіңірген елжандылық сезімді әрі қарай дамытып шындап мәңгілік бойына қалыптастыру болып табылады. Мысалы, аты аңызға айналған патриоттық тәрбиеге жоғары талап қоя білген қазақ халқының біртуар ұлы - қаһарман қолбасшысы, саяси – қайраткер, жазушы - ғалым Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірін, ерлік істерін насихаттап, батыр ата бейнесі арқылы жастарды патриоттыққа тәрбиелеу, ерлік жайлы шығармаларын оқыту – студенттермен оқушылар бойына жігерілік пен батылдық, тәртіптілік қасиеттерін ұялатары анық, себебі жасөспірімдерді отансүйгіштікке тәрбиелеуде оның мұрасы өз алдына бір төбе және сарқылмас қазына десек артық айтпаған болар едік[3].

Қазіргі шиеленіскен халықаралық геосаяси жағдайлар мектеп ұстаздарымен жоғарғы оқу орындары оқытушыларының арнайы әскери – спорттық клубтар мен жас сарбаз сыныптарын ұйымдастырудың алатын орны ерекше, себебі олардың атқарылатын жұмыстары ауқымы ұшаң – теңіз деп айтуға болады.

Е.А. Бөкетов атындағы университетінің 29 қыркүйек 2011 жылы ғылыми кеңесі шешімі бойынша құрылған он үш жылдық тарихы бар, «Жас Сұңқар» әскери-спорттық клубы университет ректораты мен Дене мәдениеті және спорт факультетінің қолдауы және бағыт-бағдар беруі нәтижесінде студент жастармен, сондай-ақ Қарағанды қаласының мектеп оқушыларын елжандылыққа тәрбиелеуде көптеген ауқымды жұмыстар атқаруда деп айта аламыз. Бірінші құрылған күннен бастап «Жас Сұңқар» әскери-спорттық клубы мектеп оқушылары мен студент жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде 3 бағытта: әскери-патриоттық тәрбие, спорттық жарыстар ұйымдастыру және бұқаралық-көпшілік спорттық жұмыстарды насихаттап дамыту мен іс-жүзінде жұмыс атқаруда. «Жас Сұңқар» әскери-спорттық клубының әр салаға жауапты секторларының жұмысы бекітілген ережеге сәйкес атқарылған жұмыс туралы жартыжылдықта 1 рет есеп береді, ал төраға клубтың жалпы жиналыста атқарған жұмысы туралы жылына 1 рет, сондай-ақ университеттің алқалы органдарының отырыстарында есеп береді. «Жас Сұңқар» әскери-спорттық клубының құрылымының бағыттары бойынша тағайындалған жауапты оқытушылар, әскери-патриоттық және жалпы бұқаралық спортты жоғары деңгейде насихаттап, дамытумен ұйымдастырып өткізуде ат салыса қызмет жасауда деп айта аламыз.

Бүгінгі жаһандану заман талабына сай құрылып, жан-жақты талқыланып университет ректоры бекітетін әскери-спорт клубының патриоттық бағыттағы іс-шаралары жоспарлы түрде сабақтан тыс өткізілетін қолданбалы әскери спорттық жарыстармен дөңгелек үстелдер, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде аса маңызды болып табылады және орыны ерекше екенін атап көрсетуге болады. Себебі Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары

студенттері және жоғарғы сынып оқушыларымен «онлайн түрде» өткізілетін дөңгелек үстелдермен пікір таластар жасөспірімдер патриоттық тәрбие тақырыбында туындаған ой-пікірлері және түйген қорытындыларын шынайы ашық, емін-еркін түрде жеткізуге толық мүмкіндік береді деуге болады[4].

Еліміздің өткенімен Жаңа Қазақстанның жарқын болашағына терең ой жүгіртіп, отансүйгіштікке тәрбиелеу жолындағы заман талабына сай салиқалы ой-пікірлерін ашып айта алады. «Жас Сұңқар» әскери-спорттық клубы студент жастар және оқушылармен тек қолданбалы спорт түрінен сайыстар ғана өткізіп қоймай, жоспарға сәйкес өткен бір жыл ішінде ғана ұйымдастырып өткізген іс-шараларына тоқталатын болсақ, Кеңес Қарулы Күштерінің Ауғанстан жерінен шығарылуына 35-жыл толуы мерекесі қарсаңында, Ауғанстан соғысы мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрметті ардагері, Қазақстан Республикасының «Құрмет орденінің» және Кеңес одағының «Қызыл жұлдыз» ордендерінің иегері, «Второй мусульманский», «Жартасты жастанған жасак» кітаптарының авторы, полковник Жантасов Амангельді Темиржановичпен кездесуде Ауғанстан жерінде жасаған көзсіз ерліктері мен бүгінгі ортамызда жүрген жауынгер аға-бауырларымыздың бейбіт өмірдегі жастарды патриотизмге тәрбиелеудегі жарқын істері мен қоғамдық жұмыстарға белсенді ат салыса қатынасуына жан-жақты тоқталды.

Қарағанды қаласы және облысы бойынша Ауған соғысы Ардагерлері мен Мүгедектерінің одағы «Ардагер» ұйымының төрағасы Хасенов Талғат Болатович және майдангер батыр Жантасов Амангельді Темиржановичпен ағамыз сияқты азаматтар, қашанда жастарымызды отансүйгіштікке баулитын бірден – бір өмір мектебі десек, біз Ауғанстан соғысы ардагерлері, Ұлы Отан соғысында қан майданға қатынасқан аталарымыздың лайықты ізбасары ретінде жастарымызды Жаңа Қазақстанның болашағы үшін, Мәңгі Ел болуда - Қазақ Елі үшін аянбай еңбек етуімізге жетелейді деген пікірдеміз [5].

Сонымен қатар «Тәжікстан, Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарына және әскери қақтығыстарына қатысушылармен басқа мемлекеттерде «Бітімгерлік миссияға» қатынасушылармен «Ерлікке тағзым» атты аймақтық дөңгелек үстел барысында бейбіт еліміздің сақшылары - шекарашылары ерлік істері жөнінде айтылып және сондай-ақ пікір алмасу сайыстарында «Әрбір азаматтың өз Отанын қорғауға міндетті екенін, жасы 18-ге толған жастардың Отан алдында қызмет жасауы заңдылық екені жан – жақта түсіндіріліп айтылған болатын.

«Тәжікстан, Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарына және әскери қақтығыстарына қатысушылардың Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы бойынша төрағасы Испаев Талғаттың қатынасуымен ұйымдастырылып өткізілген атты дөңгелек үстелде еліміз егемендігін алған 33 – жыл ішінде, Қазақстан Қарулы күштерінің әскери конфликтердегі бітімгерлік миссиялар мен еліргесі шекараның бір тұтастығын қорғау барысында жасаған ерліктеріне жан – жақты тоқталып ой бөлісті. Шынайы сұхбат барысында оқушылар мен студент жастар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, қазіргі жаһандану заманындағы шиеленіскен геосаяси жағдайлар бойынша өзектілігі жоғары отансүйгіштік мәселелерге кеңінен тоқталып толық қанды қанағаттанарлық ой бөлісіп ақпараттар алды десе болады.

Онлайн форматта өтілетін дөңгелек үстелдер, пікір таластар және тұлғатанушылармен Ауғанстанның соғысы ардагерлерімен кездесулерге көптеген Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары студенттерімен барлық қала мектептері оқушыларын ат салыса қатынастыру мүмкіндігі бар. Өткен жылдың желтоқсан және қантар айларында өткізілген онлайн – форматтаға Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 32 жылдық мерей тойына арналған «Қарулы Күштер – Ел тірегі», «Батырлар ерлігі-тәуелсіздік жаңғырығы» атты Республикалық дөңгелек үстелдерге еліміздің тоғыз жоғарғы оқу орындары студенттерімен Қарағанды қаласының жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары аса қызығушылықпен ат салыса қатынасты. Аталмыш дөңгелек үстелде баяндама жасаған ақын, аудармашы әдебиетші және тұлға танушы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқытушысы Қалшабек Абай Батырұлы қазіргі таңда көкейкестілігі жоғары жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу

тақырыптарындағы сұрақтар бойынша ой қозғап, Бауыржан Момышұлы атамыздың бұрын көп айтылмаған ғалым – зерттеушілік қырларына кеңінен тоқталып өз пікірлерін білдірді.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша бүгінгі күн талабына сәйкес жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша көкейкестілігі жоғары шешімдер қабылданды.

«Жас Сұңқар» әскери-спорттық клубы мүшелері және «Бастапқы әскери дайындық және жеке сайыс» кафедра профессор құрамының ұйымдастыруымен мерекелік күндерге байланысты Ұлы Отан соғысында өшпес ерлік жасаған танк басқарған батыр қазақ қыздары жайлы жазылған «Қарлығаштар ораларма» кітабінің авторы Каренов Қанатпен кездесу, сонымен қатар 8-наурыз мейрамына арналған «Оқ атудан» университеттің студенттері мен магистрант қыз балалары арасында Қазақ халқының қос батыр қызы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметованы еске алу, саптық ән байқауы сияқты көптеген жарыстар, «Қазақ батырлары», «Желтоқсан оқиғасы», Ауған соғыс ардагерлерімен кездесулер, Бауыржан Момышұлының туылған күніне орай студенттер арасында әскери-патриоттық бағытта ерлік сабақтары, «Әскер-әніміз, армия-абыройымыз!» атты ашық тәрбие сағаттары, университет студенттері арасында футбол, волейбол ойындары бойынша жарыстар ұйымдастырылады.

Әскери қолданбалы спорт түрлерінен эстафеталық жарыстар өткізу арқылы студент жастардың әскери істі меңгерулері, әскери іске машықтануы және дене дайындығы анықталады. Осы жарыстардың нәтижесінде пәндік Қазақстан Республикасы ғылым және жоғарғы білім министрлігінің тарапынан өткізілетін пәндік олимпиадаға қатынасушылар және ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысатын студенттер іріктеледі. «Ұлттық ойын» түрлерінен жарыс, әскери-патриоттық және жаппай қорғаныс жұмысы айлығы аясында (Патриот акциясы) патриоттық тақырыптағы баяндамалар және клуб мүшелерінің қатынасымен жеке сайыспен құрметті қарауыл бойынша көрсетілімдер мен Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне арналған «Саптық ән» байқауы өткізіледі.

«Жас Сұңқар» әскери-спорттық клубы мүшелері Қазақстан Республикасы ғылым және жоғарғы білім министрлігінің «6B01402 - Бастапқы әскери және дене дайындық» бағдарламасы бойынша өткізілетін пәндік олимпиадаларының және Республикалық студенттердің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарының бірнеше дүркін жеңімпаздары және университет тарапынан ұйымдастырылып өткізілетін барлық қоғамдық іс-шараларға ат салыса қатынасады.

Әрине заман талабына сай қазіргі таңда мемлекет бірінші орында жастармен патриоттық бағытта жұмыс атқарудың аса маңызды екендігін атап көрсетуде және Үкімет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында да, бұл маңызды мәселе үнемі айрықша аталып отырылады. Жас жеткіншек ұрпаққа отансүйгіштік әскери-патриоттық тәрбиелеудің беретін орны ерекше екендігі қай заманда болмасын белгілі, себебі адамзат алдында тұратын ұлы мұрат- міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу және бұл ұстаздардың басты борышы мен міндеттерінің бірден-бір бірегейі болып қала бермек.

Жоғарыда айтылғандай біздің мақсатымыз - сабақтан тыс әскери-спорттық клубтардың өткізетін әскери қолданбалы ойындар түрлерін кеңінен жан-жақты жетілдіру арқылы болашақ өркениетті қоғамның ерікті өз ойынан қорғай алатын ой еңбегі мен дене дайындығы бірдей, күшіне ақылы сай саналы ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу ал бұл университет студенттерінің талпыныс ізденістерімен ұштасып жатыр.

Себебі өкінішке орай, соңғы уақыттарда жалған отаншылдықтың түрлері кеңінен тарауда. Мәселен: кейбір жасөспірімдер санасында «Мен үшін не жақсы – мемлекет үшін сол жақсы болмақ» немесе «Маған өмір сүру қай жерде жақсы болса, сол жер менің елім» секілді отаншылдықтан бас тартуды уағыздайтын, мемлекеттік және ұлттық егемендікті жоққа шығаратын идеологиялар белең алуда. Тарих тағылымдары көрсеткендей жалған отансүйгіштіктің ең кесірлі түрі – өзінің шын берілген мақсаттары мен мүдделері үшін отансүйгіштікті саудаға салу, ұлтшылдық, шовинизм және фашизмге әкеп соғады. Өйткені өкінішке орай жасөспірімдерді әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу орта буын оқушыларын әскери бағытта даярлаудың ажырамас бөлігі бола қойған жоқ. Жұмыс жасалып жатқанымен қазіргі уақытта әскери қорғаныс департаменттерінің басым көпшілігі

өздерінің маусымдық әскер қатарына шақыру сияқты ішікі мәселелерін бірінші кезекте алға қойып шешуге тырысады. Ал жасөспірімдердің мектеп қабырғасындағы әскерге дейінгі тәрбиесі әліде толық қанды, жан – жақты қамтылды деп нық сеніммен айта алмаймыз, себебі кейбір өзекті мәселелер назардан тыс қалуда. Оған дәлел өкінішке орай қазіргі жағдайда орын алып жатқан қарулы күштер қатарында қызмет етуден жалтару және әскерден қашу жағдайларына тап болудамыз. Қазіргі геосаяси жағдайда бұл көріністер бірқатар жағымсыз фактілерге әкеп соғады деген пікірдеміз:

1) жалпы білім беретін оқу орындарында жасөспірімдерді жүйелі түрде Отан қорғауға дайындау жұмыстарының жүргізілмеуі, сабақтан тыс өткізілетін патриоттық іс – шаралардың оқушыларды толық қамтымауы нәтижесінде қарулы күштер қатарына шақырылған жастардың әскер қатарына барудан жалтаруының жиелеуі;

2) қарулы күштер қатарына Отан қорғау қызметіне шақырылатын жастарды әскери қызметке психологиялық және физикалық дене дайындығы жетілуімен шынығуы көрсеткіштері бойынша айтарлықтай төмендеуі.

Бұл көкейкестілігі жоғары өзекті мәселелер бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде (әскери клубтарда) заманауи талаптарға сай педагогикалық-психологиялық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, жоғарғы сынып оқушыларына сабақтан тыс әскери патриоттық тәрбие беру қажет екендігін дәлелдей түскен сияқты.

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру - еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді Отан қорғау міндеттерін шешу үшін қажетті, патриоттық және рухани-психологиялық қасиеттерді қалыптастырудың құралы болып табылады. Әскери спорттық клубтардың жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі басты мақсатымен міндеттері оқушыларға патриоттық парызын терең түсінігін ұғындырып, Отан қорғауға дайындығын қалыптастыру және де еліміздің тұтастығы мен бірлігін нығайту, Қазақстан халықтарының достығын сақтау міндеттерін шешуге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу болып табылады[7].

Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарыту қажет[6].

Әскери-патриоттық клубтар қала маңында орналасқан әскери бөлімшелермен орта білім беру мекемелеріндегі жас сарбаз сыныптарымен тығыз шығармашылық байланыс орнатып, заман талабына сай көкейкесті отансүйгіштік мәселер бойынша бірлескен іс – шаралар атқаратын болса нұр үстіне нұр болған болар еді.

Әдебиеттер:

1. Токаев К.К. Қазақстан Мемлекет басшысының Қазақстан «Әділетті Қазақстан: құқықтық тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» Жолдауы, Астана.-01 Қыркүйек 2024ж.

2 ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана:09.12.2020ж.

3. Ә.Нұршайықов. «Бауыржан Момышұлы»-Алматы. - Кітап баспасы 1999ж. 56 б.

4. Садықов К.И., Қожамжаров Е.Ж. Бастапқы әскери дайындық мамандығы студенттеріне «Жас Сұңқар» әскери-спорттық клубымен өткізілетін әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарының маңыздылығы. «Спорт. Жастар. Тәрбие». Аймақтық ғылыми-тәжірибиелік конференцияның материалдары.-23 қараша 2018ж. 128-131б.

5. А.Жантасов. «Второй мусульманский» (спецназ из Казахстана)-Алматы.-ТОО «Ол-Жас», Баспасы 51-53ст.

6. Иманбетов А.Н., Қожамжаров Е.Ж. Әскери патриоттық тәрбиенің жалпы мәселелері «Қазіргі замандағы дене шынықтыру мен спорттың өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-тәжірибиелік конференцияның материалдары.-16-17 ақпан 2023ж. 197-200б.